


Егемен Қазақстан

Ғибратты шығарманың жаңа аудармасы жайында

Еліміз егемендік алып, жоғалғанымыз табылып, өшкеніміз қайта жана бастаған кезде бабаларымыздан бізге аман жеткен кейбір баға жетпес жәдігерлер табылып, ұрпақтарымен қайта қауышуда. Осындай құнды жәдігерлердің бірі де бірегейі – Бекасыл Биболатұлының «Зикзал» атты кітабы.



Бекасыл Биболатұлы Сайрам, Қарнак, Тәшкен, Самарқан медреселерін, сосын Бұхар-и-Шарифтің «Мір-Араб» медресесін аяқтап, Шам (Сирия) еліне барып, сол дәуірдің ең ғұламаларынан тәлім алып, білімпаз болғандығының және ұшан-теңіз білімінің пайдасын

халқына молынан тигізгенінің шарапатынан көзі тірі кезінде-ақ әулие атанып, аты аңызға айналған. Ол соншама жылдар бойы жиған ілімімен «Зикзал» атты баға жетпес аса құнды еңбегін жазып қалдырған.

Қазақ руханиятындағы алып тұлғалардың бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Оңтүстікке сапарын баяндайтын, «Қазақ баласы оқыдым, тоқыдым десе де, Бекасыл хазірет бола ма» деп аталған еңбегінде бұл кітап туралы былай деп баяндаған екен: «Хазіреттің қара сөзі бір төбе де, ақындығы бір төбе, құлағының тесігі, көкірегінің есігі бар пендеге жетерлік. Дұға біткеннен Исм Ағзам, Дұға-и Құлқұл, Шарифаттағы төрт пір, Дұға-и Хатм, Әсінад, Ғажайбұл-Истихфар, Рисала-и Бафәндә, Рисала-и Сартараш, Имам Жапар Садықтың руаяты, Рисала-и дуруд, Дұға-и Қадах, Қадахнама, Әбжад, Әли Қарамалланың дұғасы, елде етек алған безгек, қызылша ауруларының бетін алатын, тауысып біте алмас дүниелер. Айдың, күннің амалы, бір жұмадағы жеті күннің пайдасы. Әрқайсысы бір-бір кітап, бәрі де тегіс ғылым. Осы дүниенің бір қыдыруы қағазға өлеңмен жазылыпты. Оқыған жан араб, парсыдан сөз білмесе, миына тоқуы мүмкін емес».

Кітаптың үшінші басылымындағы Оразбай Зәріпбайдың зерттеулерінің нәтижесіне сүйене отырып, Бекасыл Биболатұлының ғұламалық, білімпаздық келбеті, әулиелік қасиеті және «Зикзал» атты еңбегі жайында мынадай ой қорытуға болады:

Негізінде бұл кітапты – Ислам дінінің қағидаларын, Құран тәпсірлерінің мағынасы мен астарындағы құпияларын, хадис ілімдерінің қасиеттерін және пайғамбарлар тарихына қатысты деректерді терең игерген, Ислами ілімдердің бір тарауы болып саналатын «Пал-нама», яғни шариғи деректер негізінде жорамал жасау ілімдерін жете меңгерген ғұлама; араб, парсы, түрік тілдерін жақсы білген сөз шеберінің жазғандығында, сондай-ақ кітапта келтірілген мәліметтер шариғат қағидаларының шеңберінен шықпайтын ғылыми еңбек екендігінде еш күмән жоқ.

Бұл еңбекте баяндалған барша ғылыми мәліметтер, келтірілген дұғалар, тылсымдар мен олардың қолдану тәсілдері, пайғамбарлар мен әулиелер туралы деректер, адамдар мен перілер, жануарлар мен құстар, шаруашылық пен диқаншылық, құсбегілік пен аңшылық және басқа да көптеген салаларды қамтыған мәселелер мен олардың шешімдері Құран мен хадистердің ғылыми ұстанымдарына негізделген:

Біріншіден, көптеген дұғаларда қасиетті Құран аяттары келтірілген және әрбір аяттың қандай дертке шипа болатындығы, оны қалай қолдану қажет екендігі көрсетілген. Мұны тек тәпсір ілімдерін жете меңгерген ғалым ғана білген;

Екіншіден, көптеген хадистер мен риуаяттар келтірілген. Бұл да – хадис ілімдерін жақсы меңгерген адамның ғана қолынан келетін іс;

Үшіншіден, Ақида іліміне де қатысты даналық ойлар айтылған. Және Алла тағаланың көркем есімдері мен сипаттарын баяндап, әлемдердің жаратылу хикметтері жайлы деректер келтірілген;

Төртіншіден, «Әбжад» тылсымдарының құпиялары өте күрделі, олардың астарын тек әріптерді сандарға айналдыру әдістері арқылы ұғыну мүмкін емес. Арайланудың және илаһи нұрланудың нәтижесінде (илаһи құдіреттен келетін кереметтер арқылы) ғана

түсінуге болады. Бекасыл әулие осындай құдіретке ие болған, соның шарапатынан көптеген тылсымдардың құпияларын түсініп, олар жайлы деректер келтірген;

Бесіншіден, Алланың ерекше етіп жаратқан ұлы төрт періштесі және басқа да періштелері, олардың ерекше қасиеттері мен атқаратын міндеттері туралы деректер берілген;

Алтыншыдан, Әлемдердің жаратылысынан бастап хазіреті Адам Атаның (Алланың оған сәлемі болсын!) жаратылуы, оның жерге түсірілуімен бірге жердегі тіршілігі, оған Хак тағала тарапынан сыйлық етілген түрлі нығметтер, оның перзенттері, оның перзенттерінен тараған пайғамбарлар мен әулиелер, әсіресе адамзаттың абзалы, хазіреті Мұхаммед Мұстафаға (Алланың оған амандығы мен сәлемі болсын!) қатысты ғажайып оқиғалар мен бұрын-соңды кездесе бермейтін хикаялар жайлы деректер молынан қамтылған;

Жетіншіден, адамзат баласын тәрбиелеудегі Имани тәрбиесі мен тақуалық таным-тәрбиені шыңдауға байланысты Пайғамбарымыздың (Алланың оған амандығы мен сәлемі болсын!) кейінгі үмбеттердің қамы үшін хазірет Әліге (Алла оған разы болсын!) айтқан өсиеті аса көркем түрде баяндалған;

Сегізіншіден, «Бұржылар» (шоқжұлдыз) мен олардың әлем кеңістігінде орналасуы мен дәрежелері жайлы тиянақты мәліметтер берілген. Бұлар Ислами ілімдердің бір тарауы болып табылатын «Палнама» (Жорамал жасау) ілімдерінің құрамына жатады. Бұл ілімді білу – адамнан үлкен білімділік пен терең ізденушілікті талап етеді;

Тоғызыншыдан, Бұржылардың құрамына жатпайтын, басқа да көптеген аспан денелерінің көк кеңістігінде орналасқан орны мен олардың бір-бірімен байланысы, тіпті олардың қозғалысының дәлме-дәл уақыттары және олардың әр адамның тіршілігіне ететін әсері, олардың пайдасы мен зияны, жақсылы-жаманды болмысы жайлы аса құнды деректер берілген;

Оныншы, адамның он екі мүшесінде кездесетін дерттердің пайда болу себептері, оларды емдеу тәсілдері туралы және адамдарды бір-бірімен жақындастыратын және араздастыратын жақсылы-жаманды әрекеттер, зиянкестіктер мен ырымдар, олардың зиянын жоятын қайтарықтар туралы және адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақсартудың жолдары жайында мол деректер қамтылған;

Он бірінші, адамзат баласының түрлі жан-жануарлар мен жәндіктерге қатысты және табиғат құбылысына байланысты жасайтын іс-әрекеті мен амалдары жайлы да құнды ойлар айтылған;

Он екінші, Ислам әлеміне аса танымал болған ең атақты ғұламалардың, атап айтқанда, Ұлық Имам деген атаққа ие болған Ибн-Арабидің кітаптарынан қымбат дерек келтірілген;

Он үшінші, Қазақ даласында өмір сүрген Шымыр әулие және басқа да әулиелер туралы, Испиджаб (Сайрам) шаһары туралы, оның нұры жеті қабат аспанды нұрландырып тұратындығы жайлы бұрын-соңды кездесе бермейтін хикаялар мен деректер берілген;

Он төртінші, жалпы саны үш жүзден аса дұғалардың құпия сырлары мен қасиеттері баяндалып, олардың қолдану орны мен емдік қасиеті, кейбірінің тылсымдық сырлары да айтылған.

Он бесінші, осы аталғандардан тыс, басқа кітаптарда кездеспейтін тың деректер мен мәліметтер бар.

Міне, осы айтылғандардың бәрі Бекасыл әулие игерген ғылым салаларының көп қырлы екендігін және осы ғылымдарды жете меңгерген ғұлама болғандығын дәлелдейді.

«Зикзал» мына төмендегідей құрылымнан тұрады:

Бірінші – қолжазбаның бірінші беті еңбектің негізгі тақырыптарынан бөлек жазылған. Яғни, негізгі бөлігі екінші беттен басталады. Бірінші беттің басында әйел заты жайлы көркем шумақтармен бір қатарда жазылған хашиясында екі бірдей хадис берілген. Мұндағы өлең шумақтарында әйел затының қасиеттері мен артықшылығы жырланады. Бекасыл әулиенің әйел затын осылай қолжазбаның бірінші бетінде дәріптеуі кездейсоқтық емес. Мұнысымен Ислам дінінің ұстанымдарын жақсы білген Бекасыл әулие әйел затының адамзат өміріндегі орнының қаншалықты жоғары екендігін көрсетеді. Өйткені жалпы Ислами танымға негізделген қазақилық таным да әйел затының дәрежесін аса жоғары бағалайды. Бекасыл әулиенің әйел туралы келтірген шумақтары хазірет Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) дәріптеген ізгі әйел бейнесін көркем тілмен баяндайды.

Қолжазбаның алғашқы беттерінің хашиясында жеті хадис жазылған, бірақ өкінішке қарай парақтың жетінші хадисі жазылған тұсы жыртылған. Қалған алты хадисі толық оқылып, сөздерін ажыратып алуға болатындай дәрежеде сақталған.

Екінші – қолжазбаның негізгі бөлігі «Палнама», яғни «Жорамал ілімі». Мұнда бірнеше түрлі тақырыптар зикзал етіп өрнектеліп жазылып, әрқайсысы өз алдына бір кітапты құрайды. Бұл – дүниежүзіндегі «Палнама» аталатын кітаптардың тоғызыншысы. Яғни «Палнама» туралы қалам тартқан әлемнің тоғыз ғұламасының бірі – Бекасыл баба деген сөз. Бұл кітапқа дейін бұрын дүние жүзі бойынша «Палнама» деп аталатын кітаптардың сегізі мәлім екен. Бұл аса құнды деректі аудармашы Зәріпбай Оразбай ағылшын оқымыстысы Чарльз Амброуз Стори мен түркітанушы әрі ирантанушы орыс ғалымы Юрий Брегель сияқты атақты ғалымдардың кітабынан алған. Міне, осы деректер бойынша «Зикзалдың» құрамындағы «Палнама» атаулы кітаптардың тоғызыншысы болып шығады.

«Палнаманың», яғни «Жорамал ілімінің» дүр-ғауһары «Әбжад ілімі» болып табылатыны оның мағынасы осы аудармада өте анық, ұғынықты болып шыққан. Қолжазбаның үшінші беті жыртылып, жоғарғы оң бұрышында кішкентай ғана бөлігі қалған. Онда «Үлкен әбжад» тәсілі бойынша жазылған біршама жазулардың үлгісі сақталған. Бір қарағанға парақтың бір бұрышында ғана қалған бірнеше жазуда анау айтқандай үлкен дүние жоқ сияқты көрінгенмен, онда тақырып туралы да, оны жазған адам туралы да аса құнды мәлімет берілген.

Жоғарыда айтылғандай, Бекасыл Биболатұлы – Ислам дініне қатысты ілімдердің де, дүниауи ілімдердің де сан-салаларын жетік меңгерген жан-жақты ғұлама, өз дәуірінде «Құтб заман» дәрежесіне жеткен әулие, медресе ұстаған ұстаз. Мұның бәрі – Алла тағала тарапынан оған сыйлық етілетін үлкен нығмет, маңдайына біткен зор бақыт.

Бекасыл Биболатұлының қолжазбасының табылғаны да бір ғажайып оқиға. Алатаудың ақиық ақыны аталған Қазанғап Байболұлы Бекасыл әулиенің өкіл баласы және ең үлкен

үміт артқан шәкірті болғаны туралы мәліметті олардың ұрпақтары жақсы білген. Бірақ тұрымтай тұсымен болған кеңес дәуірінде олар бір-бірімен араласпаған.

Ғұламаның шөбересі генерал Ержан Исақұлов 2002 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы Кеңесарық ауылындағы орта мектепке Бекасыл Биболатұлының атын беру рәсіміне арналған салтанатты жиынға Қазанғаптың ұрпақтарын шақыртады. Сол жерде Қазанғаптың баласы Оңғармен танысады. Бірнеше айдан кейін Ержан Ұзынарық ауылындағы Оңғардың үйіне барып, әңгіме барысында Бекасылдың мұраларын іздестіріп жүргенін жеткізеді. Оңғар осы сәтті көп жылдар бойы күтіп жүргенін айтады. Өйткені Қазанғап дүниеден өтер алдында (1946 жылы) өзінің жұбайы мен баласы Оңғарға Бекасылдың қолжазбасын аманат етіп тапсырыпты. Оңғардың айтуынша, Бекасыл Қазанғапқа: – Заманында мұның иесі келіп сұрайды, иесіне берерсіңдер, соған дейін сақтаңдар, – деген екен.

Осыған байланысты Оңғар өзін көптен бері ойландырып жүрген тағы бір оқиғаны есіне алады. Өткен ғасырдың 60-жылдары Қазанғаптың ауылына бір адам келіп, өзін Самарқаннан келген ишан деп таныстырады. Қолжазда не жазылғанын білмей жүрген Оңғар оны ишанға көрсетеді.

Ишан қолжазбаны оқып, оның өте құнды мұра екенін, жақсы сақталуы үшін жылына екі рет (күн мен түннің теңелген және ең алшақтаған кездерінде) күнге шығарып парақтарын аударып отыруға, ең бастысы әулиенің айтып кеткен аманатын міндетті түрде орындап, қолжазбаны иесіне тапсыру туралы кеңес береді. Сонымен ол қолжазба Қазанғаптың әулетінде бір ғасырға жуық көздің қарашығындай сақталады.

Жоғарыдағы әңгімеден соң, Оңғар Ержанға айтылған қолжазбаны үш айдан кейін беруге уәделеседі. Оңғардың балалары әкесінің бұл шешіміне қарсылық білдіреді. Дегенмен Оңғар әкесінің аманатын орындап, асыл мұраны қимастықпен жылап тұрып иесіне табыс етеді. Қолына тигеннен кейін Ержан қолжазбаны маған әкеп көрсетті. Сол күннен бастап екеуіміз асыл мұраны аудартуды, сөйтіп жариялауды қолға алдық. 2005 жылы Ержан Исақұлов туған ауылында бабасына ас беріп, Құран оқытты. Бекасыл әулиенің кітабының алғашқы нұсқасы «Жұлдызнаманы» елге тегін таратты. Сол аста қолжазбаны сақтап, жеткізген Оңғарды көрген едім.

Қолыма қалам алып жаздым «Зикзал»,

Басқаның бір өлімнен ертесі абзал.

Жақсылар, оқып көрсең, міне, кітап,

Ішінде әрбір түрлі нұсқалар бар, – деп Бекасыл бабамыздың өзі айтқандай, бұл кітап енді «Зикзал» деген атпен оқырманға жол тартты.

Ендігі міндет – асыл мұраны бойға сіңіріп, жан-жақты, терең зерттеп, тағылымын, қоғамның пайдасына, адамзаттың тіршілігіне пайдалану. Осы орайда сахарадан шыққан әулиенің мұрасын жүйелі зерттеуді ұйымдастыру мақсатында арнайы құрылып жатқан Қордың жұмысы да жемісті болсын.

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ